

символике и языке. – М.: Школа "Языки русской культуры", 1997. – 213с.

2. Кант И. Критика чистого разума. – Собр. соч. – Т.3. – М.: Мысль, 1964. – 799 с.

3. Пенроуз Р. Тени разума: в поисках науки о сознании. – М.-Ижевск: Институт компьютерных исследований, 2005. – 688 с.

4. Мамардашвили М. Эстетика мышления / Философские чтения. – Спб.: Азбука-классика, 2002. – 832 с.

5. John R. Searle, *A Re-Discovery Of The Mind. – A Bradford Book, 1992 The MIT Press, Camb., Mass, London, England*

6. Психологические термины и понятия: Словарь / Под ред. Борнесса Э. Мура и Бернарда Д.

Фаина. – М.: Независимая фирма "Класс", 2000. – 304 с.

Бұл мақалада сана мәселесі заманауи философия мен жаратылыстану ғылымындағы күрделі және тартымды тақырып ретінде ашып қарастырылған. Сондай-ақ онда болашақтағы жүйелі зерттеуге қажетті методологиялық аспектілер көрсетілген.

This article puts forward the problem of consciousness as one of the most fascinating and complicated issues of both contemporary science and philosophy. It considers some methodological respects, necessary for the further study of consciousness.

М.А. Сагидолдина

ЭРИХ ФРОММНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАСЫ: САУ ҚОҒАМ ҚҰРУ ЖӘНЕ ЖАҢА АДАМНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Қоғамдық жүйенің эволюциясын, адам табиғатының ерекшелігі жағынан қарастырған Эрих Фромм, индустриалды дәуірдің басында адамдардың көпшілігі табиғат алдындағы үстемдігінің артуы, материалды молшылықтың, көпшілік адамдардың бақытты болуының артуын және жеке тұлғаның шексіз еркіндікке артуын түсіне бастады. Ғылым адамдардың бәрін білетіндей жасаған секілді. Ал жануар мен адамның энергиясын механикалық энергияға, одан ядролық энергияға алмастырған түрлі және нәтижелі машинаға айналған техника басшылыққа шығады. Ал адамның ақыл ойын электронды машинаның операциясында адамды үстемдікке шығарды. Құдай және адамзаттың даму процесі кезінде пайда болған түрлі байлық пен жайлылық барлықтарға тек шексіз бақыт әкеледі деп болжамдалған. Бірақ уақыт өте келе бұл үлкен үміттердің күйреуі айқын көріне бастайды. Барлық тілектердің шексіз қанағаттандырылуының талпынысы, бақытты болуға жол бермейтіні түсінікті болды. Бюрократиялық машинаның винтиктеріне айналғанын сезінген адамдар өздерінің жеке өмірлерінде ешкімге тәуелсіз болу армандарының соңы екенін сол кезе түсінді. Ал олардың ойларымен, сезімдерімен, талғамдарымен өкімет, ірі өндіріс және есеп корпорацияларының және солардың қарамағына қарайтын бұқаралық ақпарат құралдары үлкен ықпал жасайды. Үлкен үміттердің қоғамы орнына бақытсыз адамдардың қоғамы: «... жалғыздық, үрей мен қорқынышта өмір сүретін, тек жоюға және үнемі тәуелді болуға қалыптасқан адамдардың қоғамы келеді». Осы қоғамда «экономикалық мінез-

құлық этика мен адамның құндылықтарынан айырылды». Адамдардың арасындағы қатынастарда «өзімшілдік және өз-өзін сүю» қасиеттері алдыңғы орынға шықты [7, 214-216]. Осының бәрі, қоғамда осындай әлеуметтік-экономикалық жүйенің және осындай адамдардың өмір сүру қалпының қалыптасуы, соңында «ауру» тұлғаның және «ауру қоғамның» қалыптасуына әкеліп соғады [7, 217].

Фромм қазіргі заманғы кең таралған «ауру» қоғамның пайда болуын «идолға табынушылықта» көреді. Ол идолға табынушылықты адамның өзінің энергиясын, өндірушілік, шығармашылық және тағы басқа қабілеттерін идолды жасауға жұмсайды. Одан кейін сол идолға табынады, алайда сол идол өзінің іс-әрекетінің жемісі болып табылады. Адамның өмірлік күштері өзінің қолынан жасаған затында іске асады. Бірақ ол зат идолға айналған кезде өзінің әрекетінің қорытындысы ретінде емес, өзінен бөлек бір зат ретінде қабылданады. Ол зат өзінің үстінен үстемдікке айналып сол затқа табынушылықтың үстемдігі артады. Фроммның айтуынша, индустриалды қоғамда өмір сүретін қазіргі заманғы адамның идолға табыну деңгейі мен формасы өзгерді. Ол оның өмірімен басшылық ететін экономикалық күштердің объектісіне айналды. Ол өзінің қолының ісіне табынады және өзін затқа айналдырады. Осындай драмалық, кейде трагедиялық әлеуметтік және этикалық-психологиялық жағдайды «машинизация», «роботизация», «компьютеризация» ықпалымен түсіндіреді. Осындай жағдайда адамның өзінің еңбек өнімінен жат болуымен қатар басқа адамдардан, кейде өз-

өзінен жат болуына әкеледі. Сондықтан Фромм, «жат болу қазіргі заман адамының психопотопиясының негізі болып саналатын жеке тұлғаның ауруы деп түсіндіреді» [10,320 б.б.].

«Ауру» қоғамда өмір сүретін адамның кесапаты идолға табынуда ғана көрінбейді. Сонымен қатар индустриалды қоғамның құрған әлеуметтік институттарға да байланысты болады. Ол институттар – пресса, кино, өкімет және т.б. болып табылады. Осы әлеуметтік институттардың өзара байланыста болып, бір бірін күшейтіп адамның психикасына кері әсер ететін және дүниетанымына әсер ететін эффектке айналады. Осыған байланысты Фромм: «Көбінесе адамға оның ойы – өзінің ойының шығармашылығының нәтижесі деп елестейді. Алайда, ол өзінің ақылын, қоғамдық пікір, газет, өкімет және үкіметтің лидері секілді идолдарға бөлуінен болып табылады. Адам олардың оның ойын білдіретіне сенеді. Бірақ шындығында, ол оның ойларын өзінің ойы ретінде қабылдайды. Өйткені ол оларды өзінің идолы ретінде сайлады. Осы себептен ол өзінің идолдарына тәуелді болып оларға табынудан бас тартпайды. Ол олардың құлы, өйткені ол өзінің ақылын соларға табыстады» [11,320 б.б.].

Фроммның айтуынша, адамның арын түсіретін қазіргі заманғы идолға табынушылық мемлекетке табыну болып табылады. Ол табыну ұлт пен нәсілдің үстемдігіне байланысты болады [3,57 б.б.].

Әрине, Фромм, фашизм мен басқа тоталитарлық әлеуметтік-саяси жүйелердің идолға табынумен байланыстырмады. Фромм аталған факторлардың әрқайсысының маңыздылығын түсіне отырып, психоаналитик ретінде олардың психологиялық себептеріне байланысты болатынын анализ жасады. Терең зерттеулердің негізінде осы себептердің әлеуметтік-саяси және экономикалық түп-тамырын көрді. Осы факторлардың әсерінен және олардың әлеуметтік-экономикалық және саяси себептеріне байланысты болатынын айғарды. Осындай жағдай адам табиғатының қарама-қайшылықтармен анықталады. Адамның бостандыққа ұмтылу туғаннан қалыптасқан қабілетінен басқа, адамның «біреудің басшылығымен қол астында жүрудің инстинкт түрінде болады» да көруге болады. Сондықтан Фромм осындай жағдайда психологиялық, экономикалық және идеологиялық факторлардың байланысын зерттеуді жөн көрді. «Бүкіл ұлттар үшін фашизмнің тартылымдығын түсіну» бізді «психологиялық факторлардың рөлін» қабылдауымызды талап етеді. Осы жерде біз саяси жүйені көреміз. Ал ол жүйе, шындығында, адамның рационалды жеке қызығушылығына байланысты емес. Олар адамда жын-шайтандардың күшін тудыруы мүмкін.

Бірақ, біз ол күштердің бар екеніне немесе ұмытылғанын білмедік» [1, 16 б.б.].

Сондықтан өмірдің кейбір жағдайларында және белгілі әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайларда адам баласы адал да, қатал да, дені сау да, дені сау емес те, еркін де және сол бостандықтан қашуы да болуы мүмкін. Ал, осы «адамның табиғаты биологиясымен айқындалған қабілеттері жеке тұлғаның әлеуметтік процесс кезінде қалыптасқанын көреміз» [1,216.б.].

Осы қарама-қайшылыққа бағытталған қызметтердің негізінде, Фромм қоғамның негізгі екі түрін белгілейді. «Сау қоғам» – адам табиғатының дамуына жасалған жақсы жағдайлар қалыптасқан қоғам. «Ауру қоғам» – бұл қоғамда адам баласы өзінің еңбегінің нәтижелерінен, басқа адамдардан және өз-өзінен жат болады. Екінші қоғамның түрінде адам өзінің мәнін жоғалтып, затқа айналады. Ол зат бюрократиялық немесе технологиялық машинаның бөлшегі және нарықтағы тауарға айналады. Қазіргі заманың қоғамында қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-мәдени жағдайға байланысты парадоксалды мәселені көруге болады. Фроммның айтуынша, көптеген нарықтық қатынаста өмір сүретін адамдар өздерін жақсы қоғамда өмір сүретініне сенеді. Ал осы қоғамның аз орнын алатын психикалық ауру адамдар психиатриикалық ауруханаларда емделіп жатыр. Алайда көптеген невротиктер өздерінің ойларының және осы жағдайға берген реакцияларын сау адамның әсері ретінде түсіндіреді. Ал осы жағдайға көнген басқа адамдар сау деп айтуға болмас. Осы екі пікірдің қайсысы дұрыс екенін түсіну үшін шынайы факторларға сүйену керек. Адамзат тарихындағы соңғы жүз жыл ішінде адамның құрған қоғамның ішінде салыстырғанда біз құрған қоғамда материалды молшылықты жеткілікті болып саналады.

Осы мәселенің жауабын іздеген Эрих Фромм қалыпты патология мәселесін қарастырады. Ол мәселе тек жеке индивидтерге ғана емес, сонымен қатар бүкіл қоғамға да байланысты деп аңғарады. Осыдан адамзат табиғатының және қоғамның сұранысы бір-бірімен конфликтіге әкеп соқты.

Фромм тек көрнекті психоаналитик ретінде емес, сонымен қатар психотерапевт ретінде батыс қоғамның осы жағдайын нәтижелеп, «ауру» ретінде қарастырып, оны емдеуге қорытынды шешеді. Осы ауру қоғамның тереңдігінде болғандықтан, «емдеу» мәселесі тереңдіктен басталу жөн. Осы «ауру» қоғамның «сау» қоғамға айналдыру процесінде бірінші мәселе «осы мәселені шешудің бірінші талпынысын сезіну және оған тиесілі қиын мәселелер болып

табылады» [7,368 б.б.]. Осы қиыншылықтардың кейбіреулерін атасақ, индустриализация жолын әрі қарай қалай жалғасуға болатынын шешу. Яғни, сол жолда толық өндірістің орталығына айналмау болып табылады. Адамдардың күнделікті жұмыстың мотивациясы тек материалдық молшылыққа байланысты емес, рухани және психологиялық қанағаттануға айналдыруды қалыптастыру болып табылады. Осы деңгейде ұлттың прогресін жалғастыра отырып, ғылыми жетістіктердің нәтижелерін дұрыс бағытта қолдануын қадағалау керек. «Сау» қоғамды қалыптастыру үшін индивидтердің қауіпсіздігін, яғни олардың қоғамның бюрократиялық аппаратқа тәуелді болмауын және өздерінің тұтынушылық қанағаттануын қамтамасыз ету қажет. Адамдардың өзінің тұтынушылықтың қанағатынан ләззат алмай, бақыт пен қуанушылықты сезіну үшін өндіруші, әлеуметтік, әлеуметтік-мәдени жағдайларды жасау керек. Осы қиыншылықтарды жеңу шешу үшін адамдардың бірігіп және белсенді бірыңғай әрекетімен бағытталу жөн. Ал осыған жаңа бағыттағы «Адам туралы Гуманистикалық Ғылымның» қажеттілігі болып табылды» [7,369-370 б.б.]. Адамның мәнін ашатын қоғамның әлеуметтік реконструкциясында Фромм практикалық шығармашылықтың кейбір бағыттарын жүзеге асыруды ұсынады. Осындай бағыттардың біріншісі өндірістің «сау тұтынушылыққа» қайта бағыттауы болып табылады. Алайда осы жерде қандай тұтынушылық екенін анықталмайды: сау әлде патологиялық. Сау тұтынушылық адамдардың ден саулығына зиян келтіретін тұтынушылықтың өзгеруін қалайтын адамдардың көбеюіне байланысты болады. Сондықтан да мемлекеттің басты қызметі сау қоғамды құру болып табылады. «Патологиялық және индефференттік тұтынушылықтан сау тұтынушылыққа ауысу» нормаларын енгізу және қоғамдық шеңбердегі бұқаралық ақпарат құралдары және мәдениеттің «сау тұтынушылықты» белсенді түрде ынталандыру керек» [7,373-374 б.б.].

Екінші маңызды бағыт: адамның мәнін дамыту және күнделікті өмір сүруін жақсарту «сау» қоғамның қалыптасуы болып табылады. Бұл жерде Фроммның пікірінше, «жалпы халықтың саяси өмірде белсенді қатынасуы» басқару шығармашылықтың децентрализациясына әкелетінін көрсетеді. Ал «бюрократиялық басқарудың гуманистикалық басқарумен алмастыратын істерде қоғамның белсенді және

жауапкершілікті қатынасуын талап етеді» [7, 380 б.б.].

Постиндустриалды қоғамның ақпараттық қоғамның орнына алмасатын процесс кезінде, Фромм, «эффектілі ақпараттың белсенді тарату жүйесін құру» – қоғамдық өмірдің барлық беттерін емдейді. Адамдарды ақпараттық манипуляциядан құтқару – олардың рухани және өздірінің азаматтық борыштарын орындауға мүмкіндік беретін жол ашу керек.

Бірақ осы және басқа да қоғамды емдеуге бағытталған мүмкіндіктер мен бағыттар өмір сүру қалпына және шындыққа айналудың үшін адамзаттың қолындағы барлық мүмкіндіктерді дұрыс қолдану қажет. Осы мүмкіндіктердің бірін ол Рим клубының жаңа этикасындағы докладтардың ішінен алады. Яғни, табиғатқа жаңа қатынастарды, адамдар арасындағы қатынастардың мейірімді болуы және адамгершіліктің болуы керек. Алайда қоғамның негізгі емделуін – ғылым, білім, дін, мәдениет, отбасы тәрбиесінен бастау керек.

Фроммның рухани ізденістерінде мінездемесін тапқан «сау қоғамды» құру әлеуметтік жобала баяндалған. Әлеуметтік адал қоғамда жаңа адамды қалыптастыру үшін қажетті мәселелерді шешу жобасын ХХ ғасырдың көрнекті философы терең бағытта орын алған. Ол адамдардың шығармашылық мүмкіндіктерінің жақсы болашақты құруға көмектесетініне сенген.

1. Фромм Э. *Бегство от свободы*. – М., 1990. – С.16.
2. Фромм Э. *Человеческая ситуация*. – М., 1995. – С.57.
3. Фромм Э. *Иметь или быть? // Человек для себя. Исследования Психологических проблем этики*. – М., 1997. – С.214-384.
4. Фромм Э. *Концепция человека у К.Маркса // Душа человека*. – М., 1992. – С. 320.
5. Фромм Э. *Анатомия человеческой деструктивности*. – М., 1998. – С. 320.

В статье рассматривается философский подход Эриха Фромма к созиданию здорового общества и формирования нового человека в социальном проекте.

The are matter consider philosophical approach of Erich Fromm to creation health society and forming new people in society project.